

**«Күншуақ» Бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

№ 11 «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобы  
**«Қыз еркем, қылығымен көркем!»**  
8 наурыз мерекесіне ертеңгілік

Тәрбиешілер:  
Абдыкова А.Т  
Нурғалиева А.Қ

2022-2023 оқу жылы

**Жүргізуші:** Құрметті әжелер, аналар, ұстаздар, балалар! 8- Наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілікке жиналып отырмыз. Мектепалды даярлық тобының балаларымен өткізілетін мерекемізге қош келдіңіздер!

*Залға балалар кіреді, қолдарында гүлдер, ән айтып*

Аналардың әрбір сөзі – ой талабы.

Жүректің тереңінде сақталады.

Өсіріндер елін сүйген ұлдары боп,

Ардақты ана еңбегі ақталады.

**Жүргізуші:** Иә, бәрімізге де осынау әлемнің жарығын сыйлаған ана есімі қашанда биік, әрі қымбат.

Ана десем алғыс алам халқымнан

Ана десем теңіз болам шалқыған

Ана десем , ашылады қабағым

Ана десем әділдікті ұғамын

Біз ғана емес

Қадір тұтқан бабалар

Аналардаң туған небір даналар

Ана деген тіршіліктің тірегі

Армысыздар, қасиетті аналар!

**Ән: «Нұрлы көктем» (хор)**

**Жүргізуші:** Балалар қане қазір қандай мезгіл?

Ару көктемді ортаға шақырайық. (қыс ханшайымы кіреді)

**Қыс ханшайымы:** Мен Қыс Ханшайымымын, боранымды соғамын, қарымды жаудырамын, балалар байқасаңдар аулада қарым жатыр сондықтан мен ешқайда кетпеймін!

**Жүргізуші:** Қыс ханшайымы қазір көктем мезгілі басталып, алғашқы мерекелер тойланып жатыр.

**Қыс Ханшайымы:** Жо-жоқ көктем мезгілі келгенін қалай білдіресіздер.

**Тақпақтар.**

**1. Нұрмухаммед:** Көктем болды алақай,

Қуанар барлық балақай.

Көктемде жаңбыр болады,

Бақша гүлге толады.

**2. Арсен:** Көктем келді күн шығып,

Айлар, күндер тұр күліп.

Тура анам секілді,

Мейірімді боп тұр күліп.

**3. Аяна:** Көктем келді жеріме,

Бақ әкелсін еліме.

Күн күлімдеп көгімде,

Шуақ шашсын төгіле.

**4. Махамбет:** Келді көктем күннің,

Күлімдейді гүлің.

Алтын ойлы анам,

Мерекеніз бүгін.

**Жүргізуші:** Ой, балалар, тыңдаңдаршы, бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қызық! Бұл кім екен? (Әуенмен залға көктем кіреді)

**Ару көктем:** Сәлеметсіздер ме балалар! Балалар бүгін мен сіздерге көктем мерекесі аналарымызбен қыздарымыздың мерекесіне келдім.

*Мен көңілді көктеммін,*

*Былтыр келіп кеткенмін.*

*Көзін ашып бұлақтың,*

*Түбіне тал еккенмін.*

*Құстар әнін ала келдім,*

*Жерге кілем жаба келдім.*

**Жүргізуші:** Сәлеметсің бе ару көктем! Біздің балаларымыздың барлығы әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Ару көктем, біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет. Балалар сізді көптен күтті. Сізге арнап дайындаған мерекелік өнерімізді қабыл ал.

**Жүргізуші:** Жарқырап тұр күніміз

Жайқалсын бәйшешек гүліміз

Бақта бұлбұл сайрасын

Сәнді көктем нұрымен

Көңіл гүлдей жайнасын



**Би: «Көктемгі вальс»**

-Ардақты аналар, мерекелеріңіз құтты болсын! Отбасыларыңызға құт-береке бірлік дендеріңізге саулық тілейміз!

-Балалар, бүгінгі тақырыбымызға байланысты мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Шешуін таба аламыз ба?

Бала, бала, бала деп  
Түнде шошып оянған  
Түн ұйқысын төрт бөліп  
Түнде бесік таянған  
Бұл кім?

**Балалар:** Ана, ана, ана.

**Жүргізуші:** Әріне, бұл біздің аналарымыз. Ана перзент тәрбиелеуші. Ендеше осы асыл аналарымызға арналған балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік:

**5. Көзайым:** Жанымызды жайнатқан

Сіздерсіз ғой аналар

Зор денсаулық, мол бақыт

Тілейді барша балалар

**6. Ж. Мансур:** Ана деген – жарық жұлдыз шырағың

Ана деген- қайнар ыстық бұлағың

Ана деген- өмірдегі қамқорың

Ана деген- сүйенерің, жан құрбым

**7. М. Алихан:**

Анаң болса қасыңда

Бақыттысың күнде сен.

Анаң болса жаныңда,  
Жайлы шуақ күнсің сен.  
Ақ анашым, аппағым,  
Өзің жайлы тақпағым.  
Өзің жайлы әнім де  
Арнадым саған бәрін де.

**8.Ерден:** Айналайын анашым,  
Көкте күн боп жанасың.  
Ел жүрегі елжіреп,  
Құшағыңа аласың.

**9. Жансая** Аялы алақан,  
                    әлпештеп өсірген  
                    Аяулы жан анам  
                    Қатемді кешірген

**10.Еркебулан:** Апам мені айым дейді

                    Мен мұнайсам уайым жейді  
                    Апам мені күнім дейді  
                    Мен қуансам күлімдейді

**11.Б.Алихан:** Анам-өмір шырағы

                    Анам-өмір бұлағы  
                    Бесігімнің жыр әні  
                    Жүрегімде тұрады

**12. Айша:** Ана деген күніміз,  
Ана біздің гүліміз.  
Бар баланы қуантып,  
Ұзақ өмір сүріңіз.

Жүргізуші: Бүгін біздер құрметті де ардақты әжелерімізді ерекше атап құттықтаймыз! «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» - деп халқымыз текке айтпаған, балаларымыздың әжелеріне арналған тақпақтарына кезек берсек

**Ер жетіп есейгенде балапаны,**

**Арайлап атады дала таңы.**

**Иіскеп маңдайыңнан сыйпайтұғын,**

**Қымбатқой әжелердің алақаны!**

13. **Азат :** Немересін жанындай

                    Әжем жақсы көреді  
                    Қонаққа барса ұмытпай  
                    Кәмпіт әкеп береді

14.**Ж.Мадина:** Тірегі болып жанында

                    Бірге еріп жүремін  
                    Жанашырым жанымда  
                    Тек әжем деп білемін

**Ойын: «Аналарға көмек»**



**Шарты:** аналардың бір күнгі әрекетін орындау. Анамыз күнде не істейді? Деген сұрақтың жауабына бала аналармен бірге ойын –кім жылдам сыпырады ойынын орындайды.

**Жүргізуші :** Осы ардақты аналарымызға керемет әнді балаларымыздың шырқауында

**Ән:** « Ана»атты керемет әнді Саматқызы Жасминнің орындауында

**Жүргізуші:** Құрметті аналар сіздерге де бар тілек арналар дегендей балалардың сіздерге арналған тақпақтарын тыңдап –тамашаланыңдар.

**Жүргізуші:** Рахмет балалар!  
Мың бұрала билеген  
Талай биді игерген,  
Көріңіздер балалардың  
Көңілді биін билеген!!!

### **15. Айзере:**

Жер бетінің ғұмыры  
Күн нұрымен тарайды.  
Біздің үйдің жылуы,  
Анамызбен тарайды.  
Жердегі бар тағамнан,  
Ана сүті нәрлі екен.  
Бұл жалғанда Анамнан  
Сүйікті адам бар ме екен?

### **16. М.Мадина:**

Анаң деген ақылшың  
Анаң барда батырсың.  
Ұясында кім болса да,  
Тек Анаңа жақынсың!  
Үш әріптен құралған,  
Қасиетті ұғымсың.  
Дүниеде жалғыз жан  
Анашым бір өзімсің!

**17.А.Мансур.** Ана деген ақ көңіл,  
Күнмен бірге күледі.  
Ана деген шат көңіл,  
Шарықтайды үнемі.

**18.Айым.** Ана деген асыл сөз,  
Ана деген ғаламат!  
Жер бетінде анаға  
Табынатын азамат.  
Әрбір ана сүйеді,  
Өз баласын үнемі.  
Одан асқан жан жоқ деп  
Жер бетінде біледі.

**19. Б.Алихан:** Сыйлайыншы гүлімді  
Теріп алған даладан.  
Мейрамыңыз бүгінгі  
Құтты болсын, Анажан!  
Сенен өскен аналар,  
Батырлар мен даналар.  
Құттықтаймыз мейраммен,  
Құрметті аналар!

**Жүргізуші:**

Жарқырап тұр күніміз,

Жайқалсын бәйшешек гүліміз.

Бақта бұлбұл сайрасын,

Көңіл гүлдей жайнасын. Дей отырып

**Ойын : « Қыздарға гүл сыйлайық»**

**Жүргізуші:**

Астанамыз тұнып тұрған бау болсын,

Сүті теңіз елжіреген тау болсын.

Бала үшін түн ұйықысын төрт бөлген,

Аналар дендеріңіз сау болсын!

Мереке құтты болсын аналар!

**Би: Флешмоб: «Көңілді балақайлар»**

**Көктем:** Ой рахмет, билерің өте әдемі және көңілді екен!

**Жүргізуші:** Тамаша, өнерлі екенсіңдер. Ал балалар сендер үйде ата-аналарыңа көмек тесесіңдер ме?  
Шындарыңды айтыңдар ! Қазір мен аналарыңнан сұраймын.

1. Күні бойы ойнай беретін, ойнап болған соң ойыншықтарын жинауға ерінетін, дым істемейтін, жалқау бала бар ма сіздерде?  
Аналары: Жоқ, жоқ!
2. Ал, тәңертең ерте тұрып, балабақшаға өзі киінетін, үйде анасына көмектесетін әдепті, тәртіпті бала бар ма сіздерде?  
Аналары : Бар, бар!

**Жүргізуші:** О, анашым неткен жансың мейірімнен жаралған

Мәңгілікке арамызда шалқып-тасып жүр аман

Егер де сен еш ауырмай, күліп-ойнап қуансаң

Бұл тәңірден одан басқа, ешбір тілек сұрамаң

Өмірдегі ең асыл жан- АНА. Сол үшін балалар аналарымызды сыйлайық, ардақтайық, еш уақытта ренжітпейік.

**Берші анама бар жақсылық деп тілей отырып аналарға арналған сыйлықтарын табыс етейік.  
«Анаға сыйлық тартуы»**



**Жүргізуші:** Сіздерді тағы да 8 –ші Наурыз мерекесімен құттықтаймыз!

**Жүргізуші:** Құрметті аналар мен әжелер! Сіздерді естиярлар тобының бүлдіршіндері атынан бүгінгі мерекелеріңізбен тағы да шын жүректен құттықтаймыз. Аспандарыңыз ашық, дендеріңіз сау болсын. Ертеңгілігіміз осымен аяқталды.

*Балалар аналарына дайындаған сыйлықтарын береді...*

